



АҚЫҚАТ

ISSN 1019-5300



ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

[www. Kazgazetteri.kz](http://www.Kazgazetteri.kz) akikat.1921@mail.ru

№12 • 2010



Астана қаласы Сарыарқа аудандық
Халыққа қызмет көрсету орталығының
директоры Нұрлан ЗАЙНАЛЫ

(Мақаланы журналдың 37-40 беттерінен
оқисыздар)



Болат ҚОРҒАНБЕКОВ,
филология ғылымдарының
кандидаты

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ

ХИКМЕТТЕРІНІҢ ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ

Қазақтар арасында Ясауи хикметтері жазбаша да, ауызша да тарады. Әрине, бұл ортада соңғысы басымдық танытты. Яғни, хикметтер қазақ фольклорымен бір рәуіште өмір сүріп, оған жан-жақты ықпал етті. Осылайша Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» тікелей де, фольклорлық туындыларға тигізген әсері арқылы да ұлттық дүниетанымымыздың қалыптасуында үлкен рөл атқарды. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Егер қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері («Даналық сөздері») оның бір бөлігі болып кіруге тиіс» [1]. – деген пікірінің жайдан-жай айтылмағаны анық.

Хикметтердің халық арасында ауызша түрде кең тарағандығы оның әуел баста фольклорлық дәстүрлерді есепке алып жазылу себебінен екені күмән туғызбайды. Бұл, ең алдымен, хикметтердің өлең құрылысынан көрінетіні аян. Далалық ауызша поэзияда көп қолданылатын 7-8 және 12 буынды өлең үлгісінің басты орында қолданылуы хикметтерді фольклорлық пішінге барынша жақындатады. Ясауидің 12 буынды хикметтері ырғақ мәселесінде қазақтың қара өлеңімен етене туыс. Ол туыстық, ең алдымен, әдебиет теориясының білгірі А.Байтұрсынов



Болат ҚОРҒАНБЕКОВ – 1990 жылдары Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Алматы қалалық атқару комитетінде, ҚР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, Өзбекстандағы Гүлістан мемлекеттік университетінде, Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қызметтер атқарған. Қазіргі кезде Шымкент қаласындағы Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетте доценттік қызметте.



«бунақтың талғамалы орны» деп атаған [2] 4 буыннан тұратын өлең жолының соңғы бунағынан көзге түседі.

11-12 буынды өлеңдегі бунақтың талғамалы орнының 4 буыннан тұруы Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттерінің хикметтерінен өзге сопылар шығармаларында жоққа тән болуы және қазақ қара өлеңінен өзге түркі халықтары фольклорында мүлдем аз кездесуі көп сырды аңғартып тұр. Қазақ қара өлеңінің көшпелі ортада, табиғи жолмен пайда болуы ақиқат екенін білсек және жеке адам еркінен тыс мұндай процестің уақытты араға салып, қайталанып отыратынын ескерсек, Ясауи хикметтерінің де таза далалық поэзияның дәстүрлі өлшемін үлгі еткеніне көз жеткізу қиын болмайды. Ал Орта Азиядағы түркі халықтары фольклорындағы 11-12 буынды өлеңдердің таңдаулы бунағының 3 буынды болып келуі жазба әдебиеттің, оның арғы жағында тұрған араб, парсы поэзиясының әсері деуге болады. Осы орайда, халықтың өзі қандай әдеби түрді поэзия деп санғандығын да қалерге алудың маңызы зор. Бұл мәселеге жіті назар аударар болсақ, қазақтардың тек екі пішіндегі: 7-8 буынды жыр түріндегі және 11-12 буынды қара өлең түріндегі шығарманы ғана поэзиялық үлгі ретінде бағалағандығын аңғарамыз. 1945 жылы баспаға дайындалып, бірақ түрлі саяси жағдайларға байланысты жарық көрмей қалған «Қазақ әдебиеті тарихының» батырлар жыры жөніндегі тарауын жазған Қ.Жұмалиев тап осы жағдайға қатысты: «Қазақта он буынды өлең жоқ. Он буынды өлең қазақтың құлағына өлең болып естілмейді» [3]. – депті. Туыстас түркі халықтарының ауыз әдебиетінде де көп кездесетін 11-12 буынды өлең түрлерінде «талғаулы бунақ» 3 буындық ерекшелігімен көзге түседі. Қазақ халық поэзиясының құрамына кейінгі ғасырларда енген мұндай өлең түрін Ә.Қоңыратбаевтың «түрікпен күйі» деп атауы [4] бұл үлгінің түркімен, өзбек халықтары сөз өнерінен кең орын алғандығымен байланысты екені даусыз. Қазақ қара өлеңінің жазба әдебиет ықпалымен емес, таза ауыз әдебиетінің өз дамуы барысында түзілгендігі ақиқат. Олай болса, соңғы бунағы 4 буынды қара өлең – нағыз көшпелі емір салты туғызған көркемдік түр. Ал Қ.А.Ясауи хикметтерінде кең қолданылған бұл өлең өлшемі ұлы ақынның далалық поэзияның көркемдік дәстүрінен терең нәр алғандығын танытады. Бұл – Ясауидің араб, парсы әдебиетінен алған көркемдік тәжірибесін туған халқының рухани игіліктерінің арнасында ғана

пайдаланылғандығының үлкен бір айғағы.

Отырықшы түркілерді былай қойғанда, қазақ халқына тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы барынша жақын қарақалпақтар мен ноғайлар поэзиясында да қара өлең өлшеміндегі ырғақ түрі сақтала қоймаған. Бірақ оларда соңғы бунағы 3 буын болып келетін 7-8 буынды жыр үлгісі жақсы сақталған. Алайда оларда 7-8 буынды өлең үлгісінің қазақтарда жоқ басқа түрі де бар. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырының Өгіз жырау айтқан вариантындағы:

Еткен иси // хаққа жақты,

Үси-үстине // дабыл қақты,

Қалмақлардың // қызыл қаны,

Көшелерде // сарлап ақты [5]. – деген

жолдар да 7-8 буынды. Бірақ оның қазақ жырларынан басты айырмашылығы ырғақтық сипатында. Біз бұл үзіндіні ырғақ бойынша бөліп көрсеттік. Көріп отырғанымыздай, мұндағы соңғы бунақ 4 буынды. Қарақалпақтар бұл өлең үлгісін «қосық» деп атайды. Ал қазақтың 7-8 буынды жыры үнемі 3 буынмен аяқталады. Қазақтың жыр үлгісі шығу дәуірі жөнінен қарақалпақ қосығынан көне. Мұны әріге бармай-ақ қарақалпақ поэзиясының өзінен де аңғаруға болады. XVII ғасырға дейінгі қарақалпақ жырауларының ешбірінде бұл форма жоқ, одан бергі дәуірлердегі шайырлар шығармашылығынан біртіндеп орын ала бастаған. Осыдан бұның жазба әдебиет, нақтырақ айтқанда, Шығыс поэзиясының әсерінен пайда болған өлшем екені байқалады. Қарақалпақ фольклортанушысы Қ.Мақсетовтің: «Қарақалпақ халық қосықтарының құрылысында, ритмикасында, рифмасында қонсылас түрік семьялас халықтарға ортақ көп белгілерді ұшыратуға болады» [6] – деген пікіріне осы шындық негіз болса керек. Ноғай поэзиясы жөнінде де осыны айтуға болады.

Қарақалпақ қосығының бұдан басқа 11-12 буынды түрі де бар. Оның да табиғаты қазақтың қара өлеңінен басқаша. Қосықтың бұл түрінің ырғақтық кескіні, көбінесе, 4 – 4 – 3 түрінде келсе, қара өлеңдікі 4 – 3 – 4 немесе 3 – 4 – 4, я болмаса 4 – 4 – 4 түрінде болады. Байқағанымыздай, қосықтағы «талғаулы бунақ» – 3, қара өлеңдікі – 4. Осы тұрғыдан келгенде, қазақтың қара өлеңі ырғақтық суреті жағынан «Диуани хикметке» барынша жақын тұр.

Бұл тұста біз хикметтерді қазақ мәдениетіне біржақты жақындатып, өзге түркі халықтарынан алыстатудан аулақпыз. Мұндағы мақсатымыз – хикметтердің далалық поэзиямен, фольклорлық лирикамен туыстығын бізге дейін



● **Сыр сандықты ашып қара**

айтқан ғалымдар пікірін мақұлдай отырып, оны нақты дәлелдермен бекіту. Бұл жерде қазақ қара өлеңі бізге айғақ ретінде қызмет етіп отыр. Өйткені ауыз әдебиетінің бесігі – көшпелі тіршілік десек, қазақ халқының негізін құраған ру-тайпалар Ясауи заманынан күні кешеге дейін сол өмір салтынан қол үзген жоқ. Демек, сол замандағы ауызша әдеби құндылықтардың желісін үзбей жалғастырып келуге мүмкіндігі бар орта да осы. Ясауи хикметтеріндегі 7-8 буынды жыр жолдарына жақын ырғақтар да дәл осындай құбылыс нәтижесі деуге болады. Оның жыраулар поэзиясымен байланысатын жақтары көп. Т.Есембековтің: «Жеке хикметтерді толғау жанрына жақындата қарастырудың дәреті бар, сөйтіп олардың авторын қазақтың сөз өнеріндегі жоталы да жетекші үрдіс – жыраулар поэзиясымен типологиялық тұрғыда байланыстырып зерттеу өзі сұранып тұрғандай» [7]. – деген пікірі де елеулі бақылаудың нәтижесінде туғандығы байқалады. Осы тұста қазақ халқы өлең деп қабылдаған екі поэзиялық пішіннің ауыз әдебиетінен алған орны мен үлесінің барлық дәуірде бірдей сипат алып отырмағандығына да назар аударып өткен жөн.

Қара өлең үлгісіндегі поэзиядан 7-8 буынды жыр үлгісіндегі поэзияның көне екенін өлең табиғатын зерттеген ғалымдардың көбі айтып жүр. Бірақ, біздіңше, көшпелі түркілердің шығармашылық табиғатына тән бұл екі поэзиялық пішіннің екеуі әр түрлі жағдайда дамиды. Мәселен, 7-8 буынды жыр түрін дамытушы ең басты фактор – аласапыран соғыстар және соған лайықты халықтың жауынгерлік рухы. Ал, 11-12 буынды өлең түрі бейбіт заманда дүниеге көбірек келеді. Сондықтан да батырлықты, ерлікті жырлайтын батырлар жыры, елді Отан қорғауға үндейтін жыраулар поэзиясы әрдайым 7-8 буынды жыр түрінде, ал қарапайым тіршілікті өзек ететін фольклордағы романдық эпос үлгілері, жеке бастың көңіл-күйін бейнелейтін лирикалық туындылар көбіне 11-12 буынды өлең түрінде болып келеді. Осы екі пішіннің табиғатын жақсы сезінген С.Сейфуллин «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы 11-12 буынды өлең үлгісі жөнінде айта келіп, былай деген екен: «Әңгіме өлеңдердің сөз қалауы, сөз тізімдері, өлеңнің жалпы сарыны, күйі – жаугершілік замандікіндей емес, кебенек ішінде бұйығып жатқан марқау, мақау, бейбіт, жалқау, меңіреу жатқан замандікі сияқты. Жаугершілік замандағы өлең-жырлардың сарын-күйі жауға қарсы шыққан жалтылдаған жауынгер батырдың суретін сездірсе. «Қозы

Көрпеш-Баян сұлу» өлеңінің сарын-күйі ырғалып көшіп, манаурап қонған қоңыр тымақты көшпелінің суретін сездіргендей болады» [8]. С.Мұқанов та дәл осындай пікір айтқан [9]. Қазақ хандығынан бергі тарихи кезеңде бұл поэзиялық пішіндердің даму ерекшелігінің осы сипаты айқын көрінді. 11-12 буынды қара өлең XVIII ғасырдың аяқ кезінен бастап ауыз әдебиетінде кең етек ала бастады. Ш.Уәлиханов қазақ арасында бұл өлең өлшемінің пайда болуын татар поэзиясының ықпалынан болды деп түсіндіреді [10]. Бірақ, біздің ойымызша, бұл түрдің өркендеуі сыртқы әсерден гөрі халықтың тарихи-әлеуметтік жағдайларының өзгерісі нәтижесінде, табиғи жолмен жүзеге асқан. Ясауи дәуірі де халықтың жаугершіліктен толық қол үзбеген кезі болатын. Бұл кездегі түркі поэзиясында 7-8 буынды жыр түрінің басым болғандығын Е.Тұрсынов атап өтеді [11].

Хикметтердің жаугершілік етек алған заманда туғандығымен ғана емес, оның түпкі мазмұнының да күреспен сабақтас болуына байланысты онда 7-8 буынды жыр түрі елеулі орын алған. «Талғаулы» бунағы 3 буындық бұл поэзиялық үлгі өзінің жедел айтылуымен күрес, соғыс қимылымен үндеседі. Музыкатанушы А.Е.Байғасқина жыр үлгісінің жедел айтылуға бейім екенін көрсеткен [12]. Сондықтан да болар, Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің жауынгерлік рухпен байланысын айтқан зерттеушілер бар. Мысалы, Т.Есембеков Ясауи хикметтерінде қаһармандық сарынның болуы әбден заңды екеніне меңзей отырып, одан әрі: «Өйткені әрбір пендеден өз бойындағы азамат атаулыға тән жауларын жеңу, яғни ынсап пен ындыңның айқасын қанағатшылдық, тақуалық, аскеттік пайдасына шешу батырға тән күш-жігерді талап ететіні сөзсіз» [7,49]. – дейді. Ясауитанушы Д.Кежетай да осымен орайлас ой айтады: «Ясауи көшпелінің рухындағы жауынгерлік, күрескерлік қуатты қиын әрі негізгі күреске бағыттауға тырысады» [13,105]. Ясауи хикметтерінде де шайтан және нәпсімен күрес соғыс, ұрыс сипатында бейнеленеді: «Лашкар тузаб шайтан бирла мен уриштим» [14]. «Құл Қожа Ахмад, нафсини тифтим, нафсини тифтим» [14,147]. «Дуния ғақыбы харам қылыб, ианчиб тебтим» [14,151]. «Ит нафсини улдирур, қизил иузин сулдирур» [14,200]. «Рузи қылды ғазазилни тутиб миндим, Панкар туриб белин басыб ианыштым мана» [14,132].

Хикметтердің өлең құрылысы бойынша ұйқас түрлері ғана халық поэзиясымен көп сәйкес келе бермейді. Мұндағы басым орын



алған *аааб* түріндегі ұйқастың түп негізі араб-парсы поэзиясынан келгендігі білінеді. Шығыс поэзиясындағы басты ұйқас түрінен саналатын бұл құрылым Ясауиге дейінгі түркі халық ауыз әдебиетіне жақсы ықпал еткенін Махмұт Қашқаридің «Диуан-и лұғат-ат түрігіндегі» мысалдардан-ақ көре аламыз. Ал қазақ халық поэзиясындағы ұйқастың тұрақты түрі – қара өлең ұйқасы Ясауи дәуірі поэзиясында жетекші орынға шықпағанымен, хикметтерде оның сирек те болса кездесетін кездері бар. Әдетте мұндай ұйқастық құрылым хикметтердің алғашқы шумақтарында кездеседі. Мысалы.

Худауанда, мени салғыл уз иольға.

Афси илкида һарыб ада болдым мана.

Фасық уа фажур тули ташиб хаддин ашты.

Ғарқаб болыб ғысян ичра қалдым мана

[14.160].

Қазақтың қара өлеңдерінде сирек те болса кездесетін, төрт тармақтың соңы түгел ұйқасып келетін түріне ұқсас хикмет шумақтары да бар. Мысалы,

Дидарини талаб қылсаң, ай, закирлар.

Жандин кчиб халқа ичра кургуң дидар.

Шауқиң била Алла айтыб болғил дидар.

Тун уйқисин харам айлаб болғил бидар

[14.203].

Осыдан келіп, қара өлең ұйқасының негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи болуы да мүмкін екені туралы ой туары сөзсіз.

Өлең ырғағы тұрғысында Ясауи хикметтері қазақ халық поэзиясына өте жақын. Сондай-ақ осы екі поэзия үлгісінде тілдік бейнелеу құралдарының да ортақтығы мол. Содан болса керек, туыстас халықтардан шыққан ғалымдардың өзі Қожа Ахмет Ясауиді қазақ ақыны деп айтқан кездері бар. Осыған қатысты Х.Сүйіншәлиев былай дейді: «Татар зиялылары да Ясауиді жақсы білген. Өсіресе, мұсылманша оқығандары ақын сөздеріне ерекше назар салған. Олардың ішінде Ахметті дана ғұлама санағандары да болған. Кейбірі – Ахмет Ясауидей данышпан адамды туғызған қазақ халқына рақмет айтуға тиіспіз деген. Сөйтіп, олар Ахметті қазақ санаған. Мұндай пікірлерді біз «Шора» журналынан кездестірдік» [15].

Қорыта айтқанда, Ясауи хикметтерінің қазақ поэзиясымен пішіндік туыстығы – оның әуел баста қарапайым көшпелі түркілерге бағытталып жазылғандығын айғақтайтын нышандардың бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999, 279 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу (құраст. Р.Нұрғалиев). Алматы: Жалын, 1991, 387 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. I т., II бөлім // ОҒК. 2 Д., 427 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: 1987, 137-139 б.
5. Қарақалпақ фольклоры. Бес томлық. I том. Алпамыс, Қоблан дәстандары. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1995, 38 б.
6. Мақсетов Қ. Қарақалпақ қахарманлық дәстанларының поэтикасы. Ташкент: 1965, 331 б.
7. Ясауи тағылымы. Ғылыми мақалалар мен жаңа деректер жинағы. Түркістан: «Мұра» баспагерлік шағын кәсіпорыны, 1996, 49 б.
8. Сейфоллаұлы С. Қазақ әдебиеті. I кітап. Қызылорда: 1932, 225-226 б.
9. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. Алматы: 1960, 122 б.
10. Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. в 5-ти томах. Т.1.Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1961, с. 200.
11. Тұрсынов Е.Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы. // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. А., 1979, 47 б.
12. Байгаскина А.Е. Ритмика казахской традиционной песни. Алматы: 2003.
13. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Түркістан: Тұран, 2004, 105 б.
14. Ясауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Даналық кітабы). Жинақты баспаға өзірлеп, қазақшаға аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 141 б.
15. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1989, 116 б.

There is a Kazakh poetry similarity in written structure of Akhmed's Yassavi Khikmets. This is one of the demonstration that the addressee of Khikmets is the migrate people.